

«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі студентінің Ар-намыс кодексі

Мен, ХХІ ғасырда өркендеп келе жатқан Тәуелсіз Қазақ елінің азаматы(шасы) Ата Заңымызды негізге ала отырып, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттік тілді, Қазақстан Республикасының Президентін құрметтеймін. Көп ұлтты қазақ елінің рухани астанасы Түркістанның азаматы(шасы) ретінде халқымның ата – дәстүрін жалғастыра отырып, төл тарихымыздан бастау алатын ұлыстар достастығы мен бірлігіне, ізгі ниеттілікке негізделген қоғамның мүшесі болуға ат салысамын. Жарқын болашағымның баспалдағы ретінде оқу ордамның өркендеп дамуына өз үлесімді қосамын. Жалпы адамгершілік, моральдық – этикалық ұстанымдарды басшылыққа алып, салауатты өмір салтын ұстанып, қоршаған ортаға ұқыптылықпен қараймын. Қазақстанның дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы зайырлы, өркениетті ел болуы үшін, Гиппократ антына сай, дені сау ұлттың қалыптасуына ат салысу үшін сапалы, бәсекеге қабілетті білім алуға, «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің түлегі деген атты жоғары ұстауға

Ант етемін, Ант етемін, Ант етемін!